

"Қалалық қатынастарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдаудың бірыңғай тарифін белгілеу туралы" Алматы қаласының әкімдігінің қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 22 шілдедегі № 3/412 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Автомобиль көлігі туралы" Заңының 19 бабының 2 тармағына сәйкес Алматы қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қалалық қатынастарда жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдауда жолаушының бір сапары үшін ұялы байланыс операторының немесе көлік картасының немесе мобильді қосымшаның қызметтері арқылы 120 теңге мөлшерінде бірыңғай тариф белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы қаласының әкімі

Е. Досаев